




6-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)


Англиядағы азаматтық сот өндірісі
реформасын дайындау және жүргізу






1. Ағылшын соттарының қызметіне Еуропаның ықпалы.
2. Англиядағы азаматтық сот өндірісі реформасын дайындау: лорд Вульфтің аралық және қорытынды баяндамалары.
3. Азаматтық сот өндірісі реформасын дайындаудың кезекті кезеңі ретінде 1997 жылғы Азаматтық сот өндірісі туралы заңның қабылдануы.
4. Болашақ Азаматтық сот өндірісі ережелерінің мәртебесін айқындау және олардың қабылдануы.
5. 1998 жылғы АСЕ/ПГС қабылданғаннан кейін сот ісін жүргізу реформасы кезеңдерінің мазмұны.


1. АҒЫЛШЫН СОТТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ЕУРОПАНЫҢ ЫҚПАЛЫ



«Еуропалық құқықтың» (ЕО құқығы) қатысушы мемлекеттер құқығынан үстем болу қағидатының әрекеті:




Еуропалық құқық үстемдігінің қағидаты — ұлттық құқық пен кез келген коллизияға түскен жағдайда, оның нормаларының басым болуын білдіреді.





ЕО Сотының преюдициальдық шешімінің негізінде қабылданған БК Жоғарғы сотының шешімі барлық БК соттары үшін міндетті прецедент болып табылады.

БК Жоғарғы соты мен ЕО Сотының арасындағы өзара байланыс:



Біріккен Корольдіктің Жоғарғы соты ЕО Сотымен арадағы қарым-қатынастарда қатаң заңдық шектерде әрекет етеді.

ЕО Соты мен АҚЕС/ЕСПЧ шешімдерінің Біріккен Корольдік соттарына қатысты мәртебесі:

Еуропалық соттың атауы: ЕО соты - шешімдер барлық БК соттары үшін міндетті
Адам құқығы жөніндегі еуропалық сот (АҚЕС) - шешімдер БК соттары үшін ұсыныстық сипатқа ие.

Іс жүзінде: бір жағынан БК заңнамасы мен тәжірибесі және екінші жағынан 1950 жылғы Адам құқықтарын және бостандықтарын қорғау жөніндегі конвенцияда бекітілген Еуропа Кеңесінің стандарттары арасында алшақтықтар анықталған. Нәтижесінде: БК АҚЕС-те (ЕСПЧ) өте көп істерде жеңіліс тапты.

Осылайша еуропалық соттардың ықпалы ағылшын сот өндірісі жүйесін реформалау қажеттілігінің мәселесін белгіледі.

2. АНГЛИЯДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІ РЕФОРМАСЫН ДАЙЫНДАУ: ЛОРД ВУЛЬФТИҢ АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ БАЯНДАМАЛАРЫ

БК-ң құқық және сот жүйесіне еуропалық құқықтың ықпалы азаматтар мен кез келген ұйымдар үшін сот төрелігінің қолжетімділігін (access to justice) қамтамасыз етудің маңызды міндетін қойды, ол болса, ағылшын сот төрелігінің айтарлықтай жаңғыртылуын талап етті.

Ағылшын сот төрелігінің проблемалары:

- процестердің асқан ұзақтығы;
- дау қатысушыларының үлкен шығыстары;
- сот рәсімдерінің тиімсіз күрделілігі;
- заңгерлік фразеологияның күрделілігі.

1985 жыл: азаматтық сот өндірісін толығымен қайта қарауға әрекет жасалды.

1988 жыл: сот өндірісін жетілдіру бойынша ұсыныстары бар комиссияның баяндамасы ұсынылды. Ұсыныстар тек ішінара жүзеге асырылып, жағдайдың түбегейлі өзгеруіне алып келмеді.

№	Азаматтық сот өндірісі реформасының міндеттері:
1	сот төрелігінің қолжетімділігін арттыру және сот шығыстарын азайту;



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: Англиядағы азаматтық сот өндірісі реформасын дайындау және жүргізу

2	сот өндірісі ережелерін оңайлату;
3	терминологияны жаңарту;
4	тәжірибе мен процестік заң арасында қажетсіз айырмашылықтарды жою.

№	Реформаның негізгі мақсаты мен оның шектеулері:
1	Қолданылу аясы шектеулі жаңа нормативтік акт – АПК/ГПК әзірлеу.
2	Шектеу: АПК/ГПК стандартты (неғұрлым кең таралған шарттардан, деликттерден шығатын) заңгерлік жанжалдардың шешілуін және тек бірінші сатыдағы соттар тарапынан шешілуін реттеуге тиіс болған.

Азаматтық сот өндірісі реформасының дайындық кезеңдері:

№	Уақыты	Кезеңнің мазмұны
1	1994 жыл (28 наурыз)	Лорд-канцлер Маккей (1987–1997 жж.) азаматтық процесті реформалау бойынша ұсыныстар дайындау үшін Апелляциялық соттың төрағасы лорд Вульфті тағайындады.
2	1994 жыл (сәуір)	Реформаның ресми басталуы – Апелляциялық соттың төрағасы лорд Вульфке бүкіл азаматтық сот өндірісі жүйесіне талдау жасауды бастау ресми түрде тапсырылды.
3	1995 жыл (шілде)	Лорд Вульф Сот төрелігінің қолжетімділігі мәселелері жөніндегі аралық баяндамасын (The Interim Report on «Access to Justice») жариялады. Баяндамадағы басты жаңалық: дауларды бірінші саты бойынша қарау кезінде графтықтардың соттары мен Сот төрелігінің Үлкен сотына арналған сот процесінің бірыңғай ережелері бойынша ұсыныстар. Басты дискуссия: істердің қозғалысын бақылауды тараптардан судьяларға беру.
4	1996 жыл (шілде)	Лорд Вульф Сот төрелігінің қолжетімділігі мәселелері жөніндегі қорытынды баяндамасын (The Final Report on «Access to Justice») жариялады.

3. АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІ РЕФОРМАСЫН ДАЙЫНДАУДЫҢ КЕЗЕКТІ КЕЗЕҢІ РЕТІНДЕ 1997 ЖЫЛҒЫ АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫ

Баяндаманың бірінші сатысы соттарының тарапынан (магистраттық соттардан басқа) азаматтық сот төрелігін жүзеге асыру тәртібін реттеу ережелерінің жобасы келтірілген бөлігінің ең үлкен тәжірибелік мәні бар.

Жоба тиісті нормативтік актіні дайындауға бағытталған одан арғы жұмысқа негіз болды.

1997 ж. 27 ақпан – Парламент «Civil Procedure Act» - Азаматтық сот өндірісі туралы заңды қабылдады (11 бап пен 2 қосымша).

Заңда келесілерді қамтамасыз етуді мақсат етіп қоятын соттарға арналған жаңа процестік регламентті жасап шығару міндеті белгіленген:

- 1) азаматтық сот өндірісі жүйесінің қолжетімділігі;
- 2) әділеттігі;
- 3) нәтижелілігі;

Жоспарланып отырған актінің ресми атауы: «Азаматтық сот өндірісі ережелері» («Civil Procedure Rules»).

Басты шарт: актінің нормалары мазмұны мен тұжырымдамалары жағынан қарапайым болуға тиіс.

Жоспарланып отырған актінің реттеу аясы: ағылшын сот төрелігінің келесі негізгі мекемелерінің



рәсімдері мен тәжірибесі:

- 1) Апелляциялық соттың азаматтық бөлімшесі;
- 2) Сот төрелігінің Үлкен соты;
- 3) графтықтардың соттары.

1997 жылғы Азаматтық сот өндірісі туралы заңның институциялық ұйғарымдары:

№	Ұйғарым	Ұйғарымның мазмұны
1	Азаматтық сот өндірісі ережелері жөніндегі арнайы комитет құрылсын (Civil Procedure Rule Committee)	Құрамы: Апелляциялық соттың төрағасы мен вице-канцлер (лауазымы бойынша), сондай-ақ судьялар мен өзге құзыретті заңгерлердің қатарынан лорд-канцлермен тағайындалатын 12 мүше. Комитеттің мақсаты: азаматтық сот өндірісі саласындағы реформаларды одан ары жалғастыру.
2	Азаматтық сот төрелігі жөніндегі кеңес құрылсын (Civil Justice Council)	Кеңес - судьялық корпус пен адвокаттық қоғамдастықтар өкілдерінен, соттардың жұмысын ұйымдастыру үшін жауап беретін мемлекеттік шенеуніктерден, кәсіпкерлер мен өзге тұлғалардан құралған кеңесші орган. Кеңестің міндеттері: <ul style="list-style-type: none"> • сот органдарының қызметін жалпы қадағалау; • сот төрелігінің қолжетімділігін, әділдігі мен нәтижелілігін кеңейтуді қамтамасыз ету мақсаттарында ондай қызметті жандандыру туралы ұсыныстарды қарастыру; • лорд-канцлерге және судьяларға азаматтық сот өндірісін одан ары дамыту туралы ұсыныстар жолдау; • лорд-канцлерге және АСЕ / ПГС жөніндегі комитетке жолданатын азаматтық сот төрелігін ұйымдастыруға өзгертулер енгізу туралы ұсыныстарды әзірлеу; • ғылыми зерттеуге лайықты процестік мәселелерді таңдау.

4. БОЛАШАҚ АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ МӘРТЕБЕСІН АЙҚЫНДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАБЫЛДАНУЫ

1997 жылғы Заңның азаматтық сот өндірісі реформасымен байланыстырған ережелері:

№	Ереже	Ереженің мазмұны
1	Жоспарланған сот өндірісі ережелерінің мәртебесі, олардың құқықтың қайнар көздері иерархиясындағы орны айқындалған	АСЕ / ПГС өзінің заңдық күші, қолданылуы мен өзге сипаттары бойынша 1946 жылғы «Заңға бағынышты актілер» («Statutory Instruments») және 1978 жылғы «Түсіндіру туралы» («Interpretation») статуттардың талаптарына сәйкес болуға тиіс болатын заңға бағынышты акт мәртебесіне ие болды. Парламент өзіне тек кейінге қалдырылған бақылауды, яғни кез келген палатаның шешімімен АСЕ / ПГС-н күшін толығымен немесе ішінара жою мүмкіндігін сақтап қалды.
2	Лорд-канцлерге қосымша өкілеттіктер беру	Өкілеттіктер азаматтық процесті реформалаудың қалыпты дамуын қамтамасыз етуге тиіс.



Азаматтық процес ережелерін кодификациялаудың қажеттілігі:

№	Себеп	Салдар
1	Көптеген заңдардың шашыраңқылығы және жүйесіздігі	Келесі заңдарда жекелеген процесік ережелер бар: 1981 жылғы Жоғарғы сот туралы заң, 1984 жылғы Графтықтар соттары туралы заң, 1968 жылғы, 1975 жылғы, 1995 жылғы Дәлелдемелер туралы заң, 1989 жылғы Заңгерлік көмек туралы заң, 1991 жылғы Сот құзыреті мен шешімдері туралы заң, 1995 жылғы Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заң, 1996 жылғы Төрелік туралы заң, 1998 жылғы Адам құқықтары туралы заң және т.б. Қорытынды: азаматтық сот өндірісі жүйесінің елеулі күрделенуі.
2	Процестік нормалар мен институттардың шашыраңқылығы мен реттелмегендігі	Прецеденттермен толықтырылғандығына қарамастан, жоғарыда көрсетілген заңдардың ережелері бір процесік қарым-қатынастардың басқаларымен реттеулі түрде алмастырылуын, сондай-ақ, азаматтық процесс кезеңдерінің қисынды кезектесуін қамтамасыз ете алмады. Бұл үшін АПК / ГПК нысанындағы мамандандырылған акт қажет болды.

1998 жылғы АСЕ / ПГС қабылданғанға дейінгі Англияның азаматтық сот өндірісін нормативтік-құқықтық реттеу саласындағы жағдай:

№	Даулардың бірқатар санаттарын қарастыру ерекшеліктерін реттеген табысталған заңнаманың басты актілері	Табысталған заңнаманың актілерін жасау және өзгерту
1	1965 жылғы Жоғарғы сот ережелері (Rules of the Supreme Court) (115 тарау, 1200-ге жуық бап)	Көрсетілген актілерді жасау және оларды өзгерту де-факто лорд-канцлер жетекшілігіндегі Статуттармен (заңдармен) уәкілеттендірілген Комиссиялар (комитеттер) тарапынан жүзеге асырылды. Парламенттің пассивті қадағалауы көзделген болатын (яғни, бұл актілердің күші Парламенттің кез келген палатасының қаралымымен жойыла алатын).
2	1981 жылғы Графтықтар соттарының ережелері (County Court Rules) (50 тарау, 600-ге жуық бап)	

1998 жыл (желтоқсан): Сот өндірісінің ережелері жөніндегі комитет АСЕ / ПГС жобасын («Civil Procedure Rules») лорд-канцлерге жолдап, ол оны мақұлдады.

1999 жылғы 26 сәуір: лорд-канцлердің өкіміне сәйкес АСЕ / ПГС күшіне ену күні.

1998 жылғы АСЕ / ПГС нормалары (1-51 бөлімдер) 1-ші саты соттарындағы барлық істерді талқылауға қолдану үшін арналған, оларға графтықтардың соттары мен Сот төрелігінің Үлкен соты жатқызылды.

5. 1998 ЖЫЛҒЫ АСЕ / ПГС ҚАБЫЛДАНҒАННАН KEЙІН СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ РЕФОРМАСЫ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ

1998 жылғы АСЕ / ПГС-і қабылдау – сот өндірісі реформасының I кезеңі.

АСЕ/ ПГС құрылымы - 51 бөлім.

АСЕ-нің көптеген бөлімдері «Практикалық нұсқаулар» деп аталатын нұсқауларды («practice directions») қамтиды. Бұл бөлімдердің барлығы графтықтардың соттары мен Сот төрелігінің Үлкен сотындағы азаматтық істерді бірінші саты бойынша талқылауды реттейді.

1998 жылғы АСЕ / ПГС қабылданған мезетке дейін не жасалмады: Апелляциялық соттың азаматтық бөлімшесі қызметінің тәртібі әзірленген жоқ (1997 жылғы Заңда мұндай міндет қойылғандығына қарамастан).



№	АСЕ/ПГС нормалары таралмайтын азаматтық істер (1998 жылғы АСЕ-нің 2.1(2)-бабы)
1	дәрменсіздік туралы істер;
2	өсиеттерді бекіту туралы істер;
3	жұлделік істер;
4	адамның психикалық денсаулығы туралы істер;
5	отбасылық істер.

Азаматтық істердің көрсетілген 5 санаты бойынша Статуттардың нормаларына сәйкес (банкроттық, асырап алу туралы және т.с.с.) жасалған Азаматтық сот өндірісінің регламенттері әрекет етеді. Мысалы:

- отбасылық істер бойынша сот өндірісі – 1991 жылғы «Family Proceeding Rules» ережелері әрекет етеді;
- дәрменсіздік туралы істер бойынша сот өндірісі – 1986 жылғы «Insolvency Rules» ережелері қолданылады т.с.с.

1998 жылғы АСЕ/ПГС нормалары типтік жанжалдарды (мысалы, меншік құқығы, жалға алу, сатып алу-сату, қарыз шарттары және т.с.с. мәселелерді) шешуді тәртіпке келтіреді.

Әртүрлі елдердің азаматтық процесінде азаматтық істердің олардың тиімді түрде шешілуіне бағытталған процесілік конструкциялардың жасалуын талап ететін санаттар бар болуына қарамастан, Англияның азаматтық процесінің реформасы басқа жолмен жүзеге асырылып отыр (оған дәлел – 1998 жылғы АСЕ/ПГС-ң эволюциясы).

Басқа елдерде азаматтық істердің айрықша санаттарын тиімді түрде шешуге бағытталған процесілік конструкцияларды жасаудың мысалы: 2015 жылғы ҚР АПК, онда келесі іс санаттарына бөлек тараулар арналған:

- ерекше іс жүргізу істері (ҚР АПК 31-49 тараулары);
- ерекше талап қою ісін жүргізу істері (ҚР АПК 27-30 тараулары);

Бұл тараулар азаматтық істердің айрықша типтерін қарау ерекшеліктерін бекітеді.

Сот өндірісі реформасының II кезеңі:

1998 жылғы АСЕ-ге өзгертулер мен толықтырулар енгізу жолымен (АСЕ/ ПГС мәтініне жаңа бөлімдер оларды толықтыратын практикалық нұсқаулар енгізу) азаматтық процесі реформалауды жалғастыру.

Азаматтық процесс реформаларының жалғастырылуы АСЕ/ПГС-ң 49(2)-бабында алдын ала айқындалған болатын:

№	АСЕ-нің 49(2)-бабында көзделген және азаматтық процесс реформаларын жалғастыруды талап еткен мамандандырылған өндірістер («specialist proceedings»)
1	теңіз істері бойынша мамандандырылған өндірістер;
2	төрелік істер бойынша мамандандырылған өндірістер;
3	коммерциялық және сауда істері бойынша мамандандырылған өндірістер;
4	патенттік істер, сондай-ақ, сауда маркалары мен олимпиадалық рәміздерді пайдаланумен байланысты істер бойынша мамандандырылған өндірістер;
5	құрылыс салу және технология мәселелері негізінде даулардан туындайтын істер бойынша мамандандырылған өндірістер;
6	корпоративтік заңнаманы бұзудан туындайтын істер бойынша мамандандырылған өндірістер;
7	өсиет мазмұны туралы жанжалдардан туындайтын істер бойынша мамандандырылған өндірістер;
8	кейінірек реттелген басқа істер бойынша мамандандырылған өндірістер.

1998 жылғы АСЕ-нің бастапқы редакциясы (1-51 бөлімдер) ағылшын әдебиетінде Англияның бүкіл азаматтық процесінің іргетасы деп жарияланса да, ол азаматтық істерді тек бірінші саты соттарында ғана



қарауға арналған еді.

Тура осындай жағдай ағылшын азаматтық процесінің ақырғы кезеңіне –атқарушылық іс жүргізуге қатысты да пайда болды.

Атқарушылық іс жүргізу мәселелері АСЕ-ге 2001-2004 жж. қосылған бірнеше бөлімнің ережелерімен және кейбір басқа актілермен реттелді. Бұл ретте 70-Бөлім «Шешімдер мен ұйғарымдарды атқарудың жалпы ережелері» («General rules about judgments and orders») мен 70-Бөлімге Практикалық нұсқаулар (ПН 70) басты мәнге ие.

Бұл бөлімнің ережелері соттардың шешімдері мен кейбір басқа органдардың актілерін (awards) жүзеге асырған кезде әрекет етеді және Англияның атқарушылық іс жүргізуіне тән түрлі айрықша рәсімдердің қолданылуын түзетеді.

№	АСЕ-нің 74-Бөлімінің бөліктері
1	Англия мен Уэльсте шетелдік соттардың шешімдерін орындау
2	Сот төрелігінің Үлкен сотының және графтықтар соттарының шешімдерін басқа мемлекеттерде орындау.
3	Біріккен Корольдіктің әлдебір бөлігінің соты шығарған шешімдерді оның басқа бөліктерінің аумағында орындау.
4	Англия мен Уэльсте ЕО соттарының және басқа органдарының шешімдерін орындау.

1998 жылғы АСЕ / ПГС-ң қабылдануы–құқықтық жүйелердің жақындасуы мен роман-германдық құқық жүйесі институттарының ағылшын-саксондық жүйеге деген әсерінің дәлелі.

1998 жылғы АСЕ/ПГС бүгінгі таңда Сот төрелігінің Үлкен сотында және барлық графтықтардың соттарында азаматтық істерді қарау кезіндегі басты акт болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Кудрявцева Е.В. «Новые английские Правила гражданского судопроизводства (структура, основное содержание, сфера применения)» //Законодательство. - 2000. - №12. - С.68-74.
2. Кудрявцева Е.В. «Гражданский процессуальный кодекс Англии (правовой статус и основы базовой концепции)» //Законодательство. - 2003. - №6. - С.68-79.
3. Кудрявцева Е.В. «Гражданское судопроизводство Англии». - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
4. Кудрявцева Е.В. «Судебное решение в английском гражданском процессе». - М., 2008.
5. Эндрюс Н. «Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж» // пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина; Кембриджский ун-т. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.